

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 751 Қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2005 жылғы тамызда жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Демалыс күні 2005 жылғы 27 тамыздағы сенбіден 2005 жылғы 29 тамыздағы дүйсенбіге ауыстырылсын.

2. Қажетті өнімді шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2005 жылғы 29 тамызда жұмыс жүргізуге құқық берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі